



КЕЛІСЕМІН
Оқу ісі жөніндегі
орынбасары
К.Т. Ашимханов
«05» 09 2022

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тәрбиеші: Омарханова Б.К.

Мектеп: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: Кіші орталық «Балдырған» ересек тобы

2022-2023 оқу жылы

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: саптабір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбербойлап, қолұстасып, арқаннанұстап, тоқтайқалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіпсаппен жүру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуге үйрету;</p> <p>Сөздік қор: 1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; 2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Балаларға: ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.</p>
	Қазақ тілі	<p>Сөздік қоры:</p>

	1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын үй тұрмысындағы кейбір заттардың, көкөністердің, жемістердің, жануарлардың атауларын, апта күндерін, айлардың, жыл мезгілдерінің атауларын білдіретін туыстарын (іні, аға, сіңлі, қарындас және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;
Математика негіздері	Жиын: Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.
Қоршаған ортамен танысу	Менің отбасым. отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жәнет.с.с. жүгіру; Секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; Сөздік қор: 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: 2) зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану; Байланыстырып сөйлеу: Келесі дағдыларды қалыптастыру: 3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну; 4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Балаларды: 2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға;</p>
	Қазақ тілі	<p>2) заттардың белгілерін (түсі, өлшемі), заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөз тіркестерін түсінуге үйрету және сөздерді байланыстыруда жаттығу;</p>

	2) 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуге және жиі қолданылатын сөздерден сөйлемдер құруға үйрету;
Математика негіздері	<p>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.</p> <p>Шама. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.</p> <p>Кеністікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Менің отбасым. 1) отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: 2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: 2) алақандарының арасында, жазықтық татүзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.</p>
Жапсыру	<p>Келесі дағдыларды қалыптастыру 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; 3) желімдеудің техникасы;</p>
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Лақтыру, тастау, қағыпалу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру. Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру; Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған затта рарасымен, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру;</p>
Қараша	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру: артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: 3) балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы 3) сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Келесі дағдыларды қалыптастыру: 5) ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу; 6) кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану;</p>
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу.

	Балаларға: 3) тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға;
Қазақ тілі	3) қарапайым сөйлемдер құруды үйрету; 4) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (бұл кім? Бұл емес пе?); 5) зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Математика негіздері	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру Геометриялық пішіндер: Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.
Қоршаған ортамен таныстыру	Менің отбасым. 1) отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 3) ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; 4) көп түсті құрылым құрастыру;
Сурет салу	Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; 2) алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 4) ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;

		5) желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,
--	--	---

	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
--	--------	-------------------------------------

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: 4) жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар). Тілдің грамматикалық құрылымы: 3) сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Келесі дағдыларды қалыптастыру: 7) сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу; 8) таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Қазақ тілі	Үйлесімді сөйлеу: 1) қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету, қарапайым сөйлемдер құрастыру, жақын жерде, 2-3 сөйлемде орналасқан

		заттардың, ойыншықтардың, жемістердің қысқаша сипаттамасы; 2) қарапайым мәтіндердің қысқаша мазмұнын тыңдауға және түсінуге, айтуға және қайталауға, өлеңдерді жатқа оқуға үйрету.
	Математика негіздері	Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Менің отбасым. 1) отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 5) үлгі бойынша құрастыру; 6) қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру.
	Сурет салу	Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; 2) алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
	Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 6) жаймадағы дайын пішіндерге жағу; 7) желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану.

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p>

		<p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Қазақ тілі	<p>Сөздік қоры: 1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, жабайы жануарлардың, үй жануарларының аттарын, туыстарын (әке, ана, ата, әже, апа және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p>
	Математика негіздері	<p>Сан «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.</p>
	Құрастыру	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
	Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>

	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
	Қазақ тілі	<p>2) педагогтің өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал), сөздік қорын кеңейту.</p>

Математика негіздері		Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>
Құрастыру		Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Сурет салу		Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу		Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру		Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
Музыка		Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын</p>

		бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Қазақ тілі	Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөз тіркестерін және сөйлеудің байланысты бөліктерін түсінуге үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер);
	Математика негіздері	Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілікке баулу Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным - Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	Сурет салу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу

		<p>тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.</p>
	Жапсыру	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	2) келісілген сөйлеуді дамыту; 3) қарапайым сөйлемдер құруды үйрету; 4) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (бұл кім? Бұл емес пе?);
	Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі

	<p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
Мүсіндеу	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).</p> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тобы: «Балдырған»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ата-аналардың қалауларын ескеріп, мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің шешімі бойынша арнайы шынықтыру шараларын жүргізу. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	5) шағын, күрделі емес мәтіндерді, өлеңдерді есте сақтау және айту дағдыларын қалыптастыру.
	Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

		Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша